

Б.А.Жүрсінбаев¹ Б.Т.Жұбаньшиов²

*¹т.ғ.к., М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің доценті,
Тараз қ., Қазақстан*

*²т.ғ.к., Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің аға оқытушысы,
Алматы қ., Қазақстан*

АЛЕКСАНДР МАКЕДОНСКИЙДІҢ САҚТАРҒА ЖАСАҒАН ЖОРЫҒЫ ЖӘНЕ ОҒАН ЖЕРГІЛІКТІ ХАЛЫҚТЫҢ ҚАРСЫЛЫҚТАРЫ

Аңдатпа

Филипп жүргізген әскери реформаның арқасында б.з.д. IV ғасырда Македон патшалығы үлкен күш-қуаты тасыған мемлекетке айналды. Кейін осындай мұраның арқасында Александр Македонский дүние жүзіне гегемондық жасау үшін сол кездегі әлемдегі ең күшті Парсы империясымен күрес жүргізіп қана қоймай, оны ашық майдан даласында тас-талқан етіп жеңуге мүмкіндік алады. Осы шайқастардың бәрінде де сақтар Александр Македонскийдің гегемондығына қарсы тұру үшін парсылар жағында одақтас ретінде қатысқан болатын. Алайда сақтардың жауынгерлік рухының жоғары болғанына қарамастан III Дарийдің жігерсіздігінен грек-македон әскері жеңіске жетеді. Өзінің әскери табысын одан әрі дамытқан Александр Македонский сақтардың иелігіне дейін басып кіреді. Осыған байланысты мақалада Александр Македонскийдің басқыншылық шапқыншылығына қарсы сақтардың азаттық жолындағы соғыстары деректердің негізінде баяндалады. Әсіресе Спитамен бастаған сақтардың Александр Македонскийдің әскерімен жүргізген шайқастары жан-жақты талданады.

Түйін сөздер: Александр Македонский, III Дарий, Спитамен, сақ-скифтер, парсылар, гректер, әскерлер, парфяндықтар, соғдылар, гиркандықтар, Яксарт, салт аттылар.

B.A.Jursunbaev¹ B.T.Zhubanyshev²

*¹Ph.D., Associate Professor of Taraz Regional University named after M.H. Dulati,
Taraz, Kazakhstan*

*²Ph.D., Associate Professor of the Kazakh National Women's Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan*

ALEXANDER MAKEDONSKY'S TRAVEL AGAINST SAKS AND CONFRONTATION OF THE INDIGENOUS POPULATION

Abstract

As a result of the military reforms of Philip in the IV century BC. The Macedonian kingdom has become a powerful strong state. Subsequently, these legacies, Alexander the Great, in order to achieve world hegemony, received the opportunity of a devastating victory over the strong Persian Empire. In all these battles against the hegemony of Alexander the Great, the Saks participated as allies of the Persians. However, despite the high fighting spirit of the Saks, due to the weakness of Darius III, the Greco-Macedonian army won. Developing military achievements and success, the army of Alexander the Great invaded the Saka possessions. This article tells on the basis of sources about the struggle for freedom of the Saks in opposition to Alexander the Great. The battle of the Saks led by Spitamen with the troops of Alexander the Great is especially thoroughly analyzed.

Key words: Alexander the Great, Darius III, Spitamen, Sak-Scythians, Persians, Greeks, troops, Parthians, Sogdians, Hyrcanes, Yaxartes, horsemen.

Б.А.Джурсунбаев¹ Б.Т.Жұбаньшиов²

*¹к.и.н., доцент Таразского регионального университета им.М.Х.Дулати,
г.Тараз, Казахстан*

*²к.и.н., старший преподаватель Казахского национального женского педагогического университета,
г.Алматы, Казахстан*

ПОХОД АЛЕКСАНДРА МАКЕДОНСКОГО ПРОТИВ САКОВ И

ПРОТИВОСТОЯНИЕ КОРЕННОГО НАСЕЛЕНИЯ

Аннотация

В результате военных реформ Филиппа в IV веке д.н.э. Македонское царство превратилось в могущественное сильное государство. Впоследствии этих наследий Александр Македонский в целях всемирной гегемонии, получил возможность разгромной победы над сильной Персидской империей. Во всех этих битвах против гегемонии Александра Македонского, саки участвовали как союзники персов. Однако, несмотря на высокий боевой дух саков, вследствие слабости Дария III, победила греко-македонская армия. Развивая военные достижения и успехи армии Александра Македонского вторглась в сакские владения. Данная статья рассказывает на основе источников о борьбе за свободу саков в противостоянии Александру Македонскому. Особенно тщательно анализируется битва саков во главе со Спитаменом с войсками Александра Македонского.

Ключевые слова: Александр Македонский, Дарий III, Спитамен, сак-скифы, персы, греки, войска, парфяне, согды, гирканы, Яксарт, всадники.

Б.з.д. IV ғасырда Македон патшасы Филипптің әскерді қайта құрып, сол дәуірдегі ең алдыңғы қатарлы әскерлердің қатарына қосуы оның мирасқоры Александрға гректер мен трибалдарды өзіне бағындыруға, одан соң Парсы мемлекетінің иеліктері үшін Ахемен әулетімен соғысуға мүмкіндіктер береді [1, с.39]. Александр Македонскийдің жақындап келгенін естіген Дарий болса мол әскермен оған қарсы шығады. Солардың арасында басқа да одақтастармен қатар Каспий теңізінің маңынан келген бөрілерден тараған көшпенді гиркандықтар 6 мың атты әскер, олардың көршілері баркандықтар 2 мың атты әскер мен 10 мың жаяу әскер, массагеттердің бір тармағына жататын дербиктердің 42 мың әскері болған [2, с.26]. Дербиктердің Орталық Азиядағы массагеттердің одағына кірген тайпалардың бірі екенін және олардың гиркандықтармен және тапуралармен шектескенін Страбон жазса, И.В.Пьянков пен М.Ольбрыхте дербиктерді массагеттердің қатарына жатқызады [3, с.120]. Б.з.д. 333 жылы Иссы түбінде өткен шешуші шайқаста Дарийдің жағында одақтас ретінде соғысқа қатысқан массагеттер сол жақ қанатында тұрды және осы әскерге арқа сүйеген III Дарий де шешуші соққыны осы бағыттан беруді көздеді [2, с.37]. Александрдың басқыншыларына қарсы парсылармен бір қатарда тұрып соғысқан сақ-скифтер Македон патшасының түп мақсаты бүкіл әлемді жаулап алып, өзінің жалғыз ғана билігін орнатуда екенін түсінді. Сондықтан табиғатынан еркіндікте өмір сүрген сақ-скифтер бұл шайқаста нағыз батырлықтың үлгісін көрсетіп, македондықтарды зор шығынға ұшыратады. Сақ-скиф жауынгерлерін Мавак басқарады [4, с.48]. Алайда Александрдың әскери қолбасшылық шеберлігінің арқасында македондықтар парсыларды тас-талқан етіп жеңіп шықса, ал әскер басқаруға қабілеті төмен, жігерсіз III Дарий майдан даласын маскаралықпен тастай қашады. Осы жеңістен соң Александр Македонский парсылардың саяси-экономикалық орталығына айналған Вавилон қаласын жаулауға бағыт алады [5, с.76-78].

Александр Македонскиймен бейбіт келісімге келмек болған әрекетінен еш нәтиже шығара алмаған III Дарий болса басқа амалы қалмағандықтан өзінің әскері мен одақтастарына үндеу жібереді. Оның үндеуін қабылдаған скифтер, бактриялықтар, үндістер және басқа халықтардың өкілдері Вавилонға жиналады. Одақтастардың көп жиналғаны соншалықты олардың бәріне бірдей қару жетіспейді [2, с.66]. Төрт күн бойы тоқтамастан жорық жасаған Александр Македонский Арбела елді-мекенінің қасынан Тигрден өткел арқылы өтіп, б.з.д. 331 жылы Гавгамелла түбінде Дариймен соңғы рет шешуші шайқасқа түседі. Бұл шайқасқа да сақ-скифтердің тайпалары тағы да Парсы империясының патшасы III Дарийдің одақтастары ретінде қатысады [6, с.109-110].

Сақ-скифтер III Дарий әскерінің сол қанатында орналасты. Атап айтсақ бактриялық және дай тайпаларының 2 мың жуық атты әскері, арахосийлер мен сузиандардың 4 мың әскері, олардың артында шалғы орнатылған 100 атты арбалар, олардан кейін 8 мың атты бактриялықтар тұрды. Бұл атты әскерлерді массагеттердің 2 мың атты әскері аяқтады. III Дарий әскерінің соңғы жағында Скифиядан шыққан парфяндықтардың иелігіндегі парфиен тайпалары жайғасты [2, с.73-74]. Аррианның жазбасында Дарийдің бұйрығы бойынша Гавгамелдің түбінде өткен шайқасқа соғдыларды шақыртқан. Бірақ қатарға тұрған әскерлерді сипаттаған кезде Арриан соғдыларды дайлар деп атайды. Бұдан шығатын қорытынды дайларды Соғдының тұрғындары деп атауымыз керек [7, с.79]. Шайқасты Дарийдің тапсырмасымен Александрдың сол қанатына шабуылдаған Бессің басқаруындағы массагеттердің атты әскері бастайды. Оны Мазей бастаған атты әскерлер қолдап, македондықтардың сол қанатын басқарған Парменионның жүк көліктеріне бас салады. Өзінің жүктерінен айрылғысы келмеген Александр скифтерге Арет бастаған найзагерлерді аттандырады. Скифтерге тосыннан шабуылдаған македондықтар оларды ығыстыра бастаған кезде бактриандықтардың уақытында берген көмегі құтқарып қалады. Бактриандықтармен біріккен массагеттер қарымта бір-ақ рет жасаған шабуылмен македондықтарды қырып тастайды. Дегенмен бактриандықтардың массагеттерге көмекке кеткендіктен оң қанаттағы әскердің азайып қалғанын байқаған Александр қарамағындағы әскери топпен соларға шабуыл жасап қырғынды ұйымдастырады. Осы кезден бастап майдан даласының қызғаны соншалықты қарама-қарсы күштердің бәрі бір-бірімен араласып кетеді. Алайда Дарийдің арбасын айдап жүрген арбакештің оққа ұшуы және оны Дарий патшаман шатастыруы парсы әскерлерінің көңіл-күйін түсіріп қана қоймай шегінуге, аяғы жаппай қашуға алып барады. Мұны көрген Дарийде майдан даласынан қашып шығады [2, с.81-83].

Дарийдің соңынан қуған Александр Мидияның астанасы Эқбатанға келіп жетіп, ондағы III Дарийдің соңғы байлығын басып алады. Македондықтар парсы әскерлерін одан әрі қарай қуған кезде Бактрияның билеуші-сатрапы, әрі III Дарийдің туысканы Бесс дай жауынгерлерінің қолбасшысы соғдылық сақ Спитаменнің қолдауымен Парсы патшалығының тағына отыруды көздейді. Нәтижесінде сақтармен бактриандықтардың

қолдауына сүйенген Бесс III Дарийды тұтқынға алса, кейін Александр жақындап келген кезде оны өлтіріп кетеді [8, с.60]. Александр Македонскийдің Гирканияға басып кіруі Батыс Түркістанға қарай аттаған алғашқы қадамына айналды. Ол әскерін үш топқа бөліп, Кратер бастаған жаю және атты әскерлердің бір бөлігінен құралған бірінші топқа тапырларды бағындыруға аттандырылса, атты әскердің қалған бөлігі мен жалдамаларды басқарған Эригия бастаған екінші топ Гирканияға жөнеліліп, жүк көліктерін қорғау жүктеледі. Ал қалған әскерлерді Александрдың өзі бастап төте жол арқылы Гирканияға ұмтылады. Арийлердің аймағына келген кезде оның билеушісі Сатибарзан да Александрдың алдынан шығып оның билігін мойындайды [9, с.36].

Александр Сатибарзаннан Бесстің Бактрияда екенін және онда ол скифтерден көмек күтіп отырғаны туралы мәліметті де естиді. Скифтердің Бесске көмектесуі мүмкін деген хабар Александрдың мазасын алғаны соншалықты ол әскерлеріне демалысты тоқтатып дереу жорыққа жиналу туралы нұсқауын береді. Бесстың соңына түспек болған Александр әскерлеріне сөз сөйлеп, соның ішінде былай дейді: «Дәл қазіргі уақытта Набарзан Гирканияны басып алса, патшаларын өлтірген Бесс Бактрияны басқарып қана қоймай бізге қауіп төндіріп тұр. Соғдылар, дахтар, массагеттер, сақтар әлі де тәуелсіз. Олардың бәрі біздің соңымызға түсуі мүмкін. Өйткені олардың бәрі бір-бірімен туысқан тайпалар, ал біз бөтенжерлікпіз. Олардың бәрі қанша жерден қорқынышты бастарынан өткізсе де бәрібір билеушілеріне бағынады. Сондықтан бізге осы кезге дейін басып алған жерлерден бас тартып, кейін қайтуға тура келеді немесе біз әлі басып алмаған елдерді өзімізге бағындыруымыз қажет. Егерде ертең Бесс Греция мен Геллеспонт қалаларын отқа ораса өкініп жүрмеңдер» [2, с.118].

Б.з.д. 329 жылы Александр Македонский Гиндукуш арқылы Бактрияға басып кірген кезде Дарийдің орнына өзін патшамын деп жариялаған Бесс Аорн (Тасқорған) қаласында орналасып, онымен бірге Оксиарт, Спитамен және тағы басқа да Бактрия мен Соғдының жоғарғы топ өкілдері болды. Бесстың әскері 8 мыңнан астам бактриялық атты әскерлер мен дақтардың тайпаларынан тұрды [10, с.79]. Осылайша македондық басқыншыларға қарсы күресті Бесс жалғастырады. Александрдың Бактрияға келуін қиындату үшін Бесс жергілікті халыққа аймақтың Гиндукуштан солтүстікке қарайғы жерлерді өртеп жіберуге бұйрық береді. Алайда Бесстың бұл әрекеті Александрға тосқауыл бола алмады. Суық пен азық-түліктен әбден қиыншылық көргеніне қарамастан Александр Драпсак (Құндыз) қаласын басып алып, Бесстың ту сыртынан шығады [10, с.79]. Осы уақытта Бесс жергілікті тайпалардың салтына лайық құдайларға құрбандық шалып, дастархан басында серіктестері және әскери басшыларымен кеңес құрады. Кеңесте олар Александрды әбден титықтату үшін және хорасмилер, дахтар, сақтар және Танаистың арғы бетіндегі скифтер көмекке келгенше Окстың (Амудария) арғы бетіндегі соғдыларды барып паналауға шешім қабылдайды [2, с.148]. Бесстің Аорнды тастап, Окс арқылы Соғдыға қарай өту әрекетін қолдамаған бактриялықтар Бессты тастап, үйлеріне тарап кетеді [10, с.79]. Алайда Александр Македонскийге Окс өзені де тосқауыл бола алмайды. Ол Окстен өтіп Соғдыға басып кіреді. Осыдан кейін Алайда Бесстің қарсылығы да ұзаққа созылмайды. Өйткені сақтарды бастап жүрген Спитамен мен Датаберн халық алдындағы беделінен толық айрылған Бессті Александр Македонскийге ұстап беруге шешім қабылдайды. Спитаменнің мұндай шешімге келуі біріншіден Бесс парсы нәсіліне жататын, екіншіден Бесс ешқандай қарсылықсыз Бактрияның көп бөлігін, соның ішінде Бактры, Аорн, Брапсаку сияқты ірі қалаларды беріп, Окс өзенінің арғы жағына қашып баруы еді. Үшіншіден, сақ-скифтердің Бессті жаппай қолдамауы және одан соғдылар мен дайлардың бөлініп кетуі олардың әлі де шынайы қауіпті түсінбесе керек. Бұл уақытта Александрдың басқыншылығы сақ-скифтердің иелігіне әлі жетпеген еді [6, с.118]. Дегенмен Спитаменнің бұл қадамға баруы оған жергілікті халықты Александр Македонскийге қарсы көтеру үшін уақыт қажет еді. Ал Александр Македонский болса Бессті өлім жазасына тартқан соң сақтықты ұмытады. Соның нәтижесінде көп кешікпей Александр Македонскийге қарсы Орта Азия халықтарының, соның ішінде сақтардың көтерілісі басталады. Олардың қарсылығын Спитамен, Датферн, Катан басқарады [11, с.248]. Бұл кезде Бессті жазалаған Александр Македонский жергілікті тұрғындардың жылқыларын әскердің мұқтажына тартып алады да Орта Азияға қарай жол тартады. Наутакиден шыққан ол төрт күннің ішінде Соғдылардың астанасы Маракандыға (Самарқандқа) келеді. Антикалық деректер Мараканды қалай басып алғаны туралы ешқандай мәлімет бермейді. Бірақ екі қалың қабырғасы бар бекіністің оңайлықпен жауға беріле салуы мүмкін емес еді. Маракандыны басып алған Александр қалаға әскери бөлімін орналастырады. Аррианның жазуынша азық-түлік әкелу үшін жіберілген македондықтардың шағын әскеріне жергілікті тайпалар шабуыл жасап, басым бөлігін қырып тастайды. Мұны естіген Александр Македонский ең басты әскери күштерін алып шабуыл жасағандардың соңына түсіп, олар бекінген тауды қоршап алады. Тіке шабуыл кезінде македондықтардың көбісі оққа ұшып, бір бөлігі жараланады. Соның ішінде Александрдың жамбасына оқ тиеді. Дегенмен македондықтар жеңіске жетіп, соғдылықтардың бәрін қырып тастайды. Осы жеңістен кейін Александр әскерін бастап Танаиске (Сырдария) келеді. Деректерде Александр Танаиске қалай жеткен кезде оған скифтерден елшіліктер келгені жөнінде айтылады. Маракандыны басып алуы және Танаистың бойында Александрия-Эсхат қаласын салуы туралы жазылған деректер қарама-қайшылыққа толы. Аррианның айтуынша Александр Танаистың бойына салған қаланы македондықтардың сақтардан қорғанатын бекінісі ретінде тұрғызуды ойластырған. Алайда соғдылықтар мен бактриялықтардың көтерілісі қаланы салу уақытын кейінге шегереді. Жергілікті тұрғындардың көтеріліске шығуына Александрдың барлық соғды және бактриандардың игі жақсыларын Бактрияға жинамақ болған әрекеті өз ықпалын тигізеді. Осы нұсқаудан секем алған жергілікті әскербасшылар жеті мың салт аттыларды бастап Александрға қарсы шығады. Оны соғдылар қолдайды. Аррианның келтірген мәліметі бойынша бірінші болып Спитамен мен Датаферн шыққан [11, с.249].

Олардың көтерілісі нағыз партизан соғысынан тұрып, македон әскерлерін бірнеше рет тас-талқан етіп женеді. Маракандыдан Александр бірнеше рет солтүстіктегі Яксартқа (Сырдарияға) жорық жасайды. Бұл өзенді гректер мен македондықтар Танаис деп атаған [10, с.80]. Александрға қарсы көтерілістің алғашқы ошағы Түркістандық

қыраттағы Уструшан аймағында басталады. Бұл өңірдегі таулы аймақ көтерілісшілерге шағын ғана күштермен гректер мен македондықтарға қарсы табанды түрде күрес жүргізуге мүмкіндік берді. Аррианның жазуынша көтеріліс Уструшанның жеті қаласын қамтыған. Солардың ішіндегі ең ірі көтеріліс Киропольда өтіп, онда «варварлар көп жиналды». Көтерілісшілер Уструшандағы қалаларда орналасқан әскери күштерді жоя бастаған кезде Александр Ферғана алқабында жүрді. Көтерілісті басу үшін Александр барлық күшін жұмылдырады. Кирапольға жіберген әскердің басшысы Кратерге қаланы қоршауға ала отырып бекіністі айналдыра шұңқыр қазуға және топырақтан үлкен төбе жасап, оған тас лақтырғыш машиналарын орналастыруға нұсқау береді. Өзі болса македондықтарға жақын жерде тұрған қабырғалары биік емес саздан соғылған Газа қаласына барады. Македондықтар қаланы басып алғаннан кейін Александр жауынгерлеріне қаладағы еркектердің бәрін өлтіруге, әйелдер мен балаларды және басқа да мүліктерді өзара бөліп алуға, сондай-ақ жергілікті тұрғындардың арасында қорқыныш тудыру үшін қаланы тегістеуге бұйрық береді. Македондықтар екінші қаланы да сол күні басып алып, ол да Газа сияқты тоналып, жермен-жерсен егіліп қиратылады. Келесі күні Александр көтерілісшілердің үшінші қаласын басып алады. Екі күннен кейін Александр көтерілісшілердің бесінші қаласын алған соң Кирапольды шабуылдап жатқан Кратерге көмекке барады. Антикалық авторлардың айтуынша парсының патшасы Кир мемлекеттің иелігін солтүстік-шығысқа қарай кеңейту үшін осы Кираполь қаласын салған. Деректер бойынша Александр бастапқыда Кирдің құрметіне бұл қаланы талқандауға барғысы келмеген. Алайда қала тұрғындарының македондықтарға еш бағынғысы келмей жиі-жиі көтеріліс жасауы Александрдың қатал шараларға баруға мәжбүрленеді. Дегенмен бекініс қабырғаларының күшті болуы және қорғаушылардың «ержүрек жауынгерлерден» тұруы Александрға оны басып алуы қиынға түсті. Қорғаушылардың осындай ерліктеріне қарамастан Александр бекіністің ішіне кіретін жолды тауып алады. Македондықтар қорғаушылардың көңілін өздеріне аудартып қабырғаны бөрене орнатылған машинамен соққылап жатқан кезде ол аз жасақпен өзеннің кеуіп қалған сағасымен ішке кіріп қақпаны күзетіп тұрғандарды қырып тастап, негізгі күштерін бекініске кіргізеді. Алайда бекіністі қорғаушылар жаудың ішке басып кіргенін көрсе де өз қарсылықтарын тоқтатпастан жалғастыра береді. Тіпті олар Александрдың әскеріне шабуыл жасап, Александр мен Кратерді жаралайды. Көп кешікпей македондықтар қаланы басып алып, қорғаушылардың бәрін қырып тастайды да, бекіністі мүлдем жойып жібереді. Осыдан кейін Соғдының жетінші қаласы да ұзаққа созылмай басып алынады. Аристоклдың жазуынша Александр қаладағы көтерілісшілердің бәрін қырып тастаған. Александр Македонский Танаистың (Сырдария) сол жағалауындағы көтерілістерді басып-жаншып жатқан кезде, өзеннің оң жағалауындағы сақтардың көтеріліске шыққан соғдылықтарға көмекке келуге дайындалып жатқанын және Спитамен бастаған сақтардың Маракандыдағы македон әскерін қоршап алғаны туралы хабарлар алады. Осы суыт хабарларды алған Александр Македонский қоршауда қалған әскерлеріне Маракандыға Андромен, Менедем және Каран бастаған ірі әскери күшті көмекке жібереді. Ал өзі болса Танаистың (Сырдария) арғы бетіндегі сақтардан қорғану үшін Александрия-Эсхат бекінісін салуға кіріседі [11, с.250-252]. Александр Македонскийдің Танаистың (Сырдария) бойына бекіністі салуын сақтар өздеріне төнген тікелей қауіп деп қабылдап, олардың патшасы інісі Картасиске өзеннен өтіп Александр-Эсхатты талқандап, македондықтар мен гректерді Танаистан әрі қарай қашыққа қуып жіберуді тапсырады. Скифтер әскерлерін жағалаудың бойына жинап арғы беттегі жауларына қарай оқ жаудырады. Оған жауап ретінде Александр садақшылар мен найза лақтырғыштар өзеннен теріден жасалған қаптар арқылы жүзіп өтіп, жаяу әскерлер өткенше сақтарға оқ жаудыруға бұйрық береді. Жаяу әскермен бірге сарисофорлар мен гректердің ауыр атты әскерлері қоса өтіп сақтарға лап қояды. Алайда олардың бұл шабуылы нәтиже бермейді. Өйткені сақтар бастыпқыда македондықтарға жаппай лап қойып, артынша әдейі кейін шегініп кетеді. Македондықтардың ауыр атты әскері негізгі әскерден бөлініп шығып, арттарынан қуған кезде әдейілеп қашып бара жатқан сақтар кері бұрылады да, оларды қоршай отырып садақтарынан оқ жаудырады. Өзінің ауыр атты әскері қиын жағдайда қалғанын көрген Александр Македонский оларды құтқару үшін жеңіл қаруланған садақшылары мен жаяу әскерін көмекке жібереді. Нәтижесінде көмекке дер кезінде жеткен қосымша күштердің арқасында грек-македондықтардың ауыр атты әскерлері қоршаудан шығуға мүмкіндік алады. Алайда ауыр атты әскерлердің қатары көп шығынға ұшырағандықтан Александр Македонский сақтарға тағы да шабуыл жасау ойынан бас тартып қайтадан Танаистың (Сырдария) арғы бетіне өтуіне бұйрық береді. Деректерге назар аударсақ сақтармен өткен бұл жолғы шайқастағы шығындар жөнінде нақты мәліметтер берілмегенімен екі жақта да зор шығынға ұшырағаны туралы айтылады. Мәселен грек-македон әскерлері парсы патшасы III Кирмен өткен Гавгамелдегі шайқасқа қарағанда өте көп өлген. Осы шайқастан кейін Аррианның жазуы бойынша Александр Македонскийге сақ—скифтердің елшілігі келіп, өзінің «тонаушылығы мен қарақшылығы» үшін кешірім сұраған делінсе, ал Курцияның жазбасында сақ-скифтердің елшілігі жабайы қарақшылар емес, ақылды жауынгерлер, мәдениеттен кенде емес данышпан халықтың өкілдері ретінде суреттеледі. Мысалы сақ-скиф ақсақалының сөйлеген сөзі халық даналығы мен үлкен философиялық ойдың үлгісі ретінде Александрға бағытталып айтылады. Скифтің елшісі Александрды «бүкіл адамзатты» бағындыруда шексіз тойымсыздығын бетін басып, егерде ол өз ойынан бас тартпай Танаистың арғы бетіне өтетін болса, онда оған шеті жоқ шөл дала мен қалың тоғайлар, қарлы борандар мен ағысы қатты өзендер, жабайы аңдар негізгі жауына айналатынын ескертеді. Сондай-ақ сөзін жалғастырған сақ-скифтердің елшісі еркін сүйгіш сақ-скифтердің бәрі атқа қонған кезде, оларды тоқтататын күштің болмайтынын Александрға баянды түрде жеткізеді. Осындай сөздерден соң Александр тұтқынға түскен барлық сақ-скиф жауынгерлерін ешқандай шартсыз босатып жібереді. Танаистың арғы бетіндегі сақ-скифтермен болған соғысты әрең тоқтатқан Александр Македонский барлық күшімен Маракандыдағы македондық әскерлерді қоршауға алған Спитаменді талқандау үшін Соғдыға қарай аттанады [11, с.253-254].

Александр Македонскийдің негізгі әскері келе жатыр деген хабарды алған Спитамен олармен бетпе-бет шайқасудан тайсақтап, Соғдының солтүстігіне қарай ығысады. Оның күші жеткілікті болғанына қарамастан мұндай әрекетке баруы әскери әкіліктен туындады. Ол тактикалық амалды қолдана отырып, жауларын елдің түкпіріне дейін апарып, шешуші соққы беру үшін ұзақ жолдар арқылы титықтатуды ойластырады. Александрдың әскерді басқаруға қойған македондық Менедема болса көтерілісшілерді толығымен талқандағанша Спитаменді Соғдының шекарасына дейін қуу туралы асығыс шешім қабылдайды. Көтерілісшілердің соңына түсіп, қуғынның қызығына түскен македондықтар сақ-скифтер шөлінің шетінен бір-ақ шығып, жақында ғана бейбіт келісімге келген сақтарға бас салады. Бұл қателік македондық әскердің тағдырын шешеді. Спитаменге де керегі осы еді. Ол сақ-скифтердің әскерімен біріге отырып македондықтарды талқандауды бастайды. Сақ-скифтердің тың атқа мінген әскерлері жолдан әбден титықтаған македондықтарға тұтқиылдан шабуылдап, садақтарынан оқтарын жаудырады да аяқ астынан жоқ болып кететін. Менедеманың әскері бір сәтке де тыныштық таппайды. Сақ-скифтердың атты әскерлері шегініп бара жатқандарға да және македондықтардың негізгі күштерін қорғау үшін шегірге қалдырылғандарды да соққының астына алумен болады. Македондықтар көп шығынға ұшырағандықтан олардың басшылары орманы қалың Политимет (Зеравшан) өзеніне қарай шегінуге бекінеді. Сақ-скифтердің атты әскерлері орманда еркін қимыл жасауға мүмкіндік ала алмас еді. Алайда Каран бастаған македондықтардың атты әскерлері бірінші болып өзеннен өтіп кетуі қорғаныссыз қалған жаяу әскерлердің жаппай қырылуына алып келеді. Сақ-скифтердің атты әскерлері жебелерімен жаяу әскерлерді аяусыз жойғаннан соң македондықтардың ауыр атты әскерлеріне бас салып оларды да жойып жібереді. Осы шайқаста македондықтардың әскербасшылары Андромас, Каран, Менедем және аудармашы Фарнух та басқаларымен қоса өлтіріледі. Македондық әскерлер мұндай жеңілісті ешқашанда өткізбеген еді. Өз әскерінің жаппай жойылғанын естіген Александр Македонский Спитаменді жазалау үшін барлық әскери күшті өзі бастап жолға шығады. Оның әскери қимылдары қатігез жазалау іс-әрекеттерден тұрды. Ол көтеріліске қатысы бар деген әрбір ауылды өртеуге және барлық ересек адамдарды өлтіруге бұйрық береді. Александр Македонскийдің Соғды мен Бактрияны жаулау тарихын жазған Диодор 120 мың көтерілісшіні өлтіргені туралы мәлімет береді [11, с.255-256].

Македондықтардың ауыр жеңіліске ұшырағанын естіген Соғды халқының наразылығы одан әрі күшейе түседі. Ал бұл жағдай Александр Македонскийге аймақты басқаруда үлкен қиыншылықтар мен қолайсыздықтар әкелетін. Оның үстіне македондықтардың ең ірі әскери бөлімін талқандап жіберген Спитамен де уақытын бос жібермей тағы да Маракандыны барып қоршайды. Мұны естіген Александр Македонский дереу Маракандыға қарай барады. Барлаушыларынан хабар алған Спитамен әскерін алып тағы да сақ-скифтердің даласына кетеді. Маракандыдан Спитаменді таппай қалған Александр көтерілісшілерді шөл далаға дейін қуып барады. Бірақ Менедемның тағдырын қайталағысы келмеген Александр Македонский одан әрі баруға батылы жетпей оған қайтып, бүкіл Соғдыны отқа орап, талан-таражға салады [11, с.257]. Александр Танаистке жеткен кезде оған скифтердің абиі деп аталатын тайпаларынан елшілік келеді. Олар Александрға бейбіт қатынас орнату туралы ұсыныс алып келеді. Скифтердің елшілігі кеткен соң Александрда оларға өз елшілігін жібереді. Бұл елшіліктің мақсатына ресми түрде достық байланыс орнату кірсе, негізінде скифтер туралы барлау мәліметін жинап әкелу кіреді. Скифтеге барған елшілік оларға Танаистің бергі жағалауына өтпеуге, соғдыларға көмек бермеу туралы Александрдың ұсынысын жеткізеді [9, с.49]. Б.з.д. 328 жылы көктемде Александр бастаған македондық әскерлер Соғдыға қарай жорыққа шығады. Өзінің әскерін бес бағытқа бөлген Александр Соғдыны көтерілісшілерден тазарта бастайды. Алайда негізгі күштер Бактриядан кетісімен Спитамен бастаған сақтар Бактрадағы гарнизонды қоршап алады. Гарнизонның басшысы Пейтон көтерілісшілердің шабуылын тойтарғанымен, өзі тосқауылға түсіп қалады. Сақтар македондықтардың бәрін қырып тастап Пейтонды тұтқынға алады. Осы шайқастан кейін Александр Спитаменге Кратер бастаған ірі күштерін жібереді. Македондықтармен шайқасуға күші жетпейтінін түсінген Спитамен кері қарай шегініп кетеді. Келесі жылы Спитамен бастаған сақтар Бактрияға тағы да басып кіреді. Өкінішке орай басқыншылармен өткен бірнеше қиян-кескі шайқастардан жеңіліс тапқан Спитамен далаға кетеді. Осы даланы мекен еткен сақтардың тайпа көсемдері Александрмен тіл табысу мақсатында Спитаменді өлтіріп оның басын македондықтарға апарып береді. Өз кезегінде Александр да сақтармен жақсы қатынас орнату үшін көтеріліс басшыларының бірі Оксиарттың қызы Роксанаға үйленеді. Үйлену тойы шығыстық дәстүрге сай өткізіледі [10, с.82].

Сонымен Арриан, Курций Квинт және басқа да авторлардың еңбектерінде Александр Македонский сақтармен екі жыл бойы соғыс жүргізіп, аса зор шығынға ұшырағанын, тіпті Александрдың өзі де бірнеше рет жараланғаны туралы баяндалады. Нәтижесінде Александр Македонский сақтарды тізе бүктіре алмайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Шифман И.И. Александр Македонский. - Ленинград: Наука, 1988. - 207 с.
- 2 Квинт Курций Руф. История Александра Македонского. С приложением сочинений Диодора, Юстина, Плутарха об Александре / Отв. редактор А.А. Вигасин. - М.: Изд-во МГУ, 1993. - 464 с.
- 3 Пьянков И.В. К вопросу о маршруте похода Кира II на массагетов // ВДИ, 1964. - № 3. - С. 115-130.
- 4 Арриан. Поход Александра / Пер. с латинского М.Е. Сергеевко, предисловие О.О. Крюгера. - М.: МИФ, 1993. - 272 с.
- 5 Вайнберг В.И. Ставиский Б.Я. История и культура Средней Азии в древности. - М., 1992. - 220 с.
- 6 Гаибов В.А. Кошеленко Г.А. Кочевники Средней Азии в эпоху Александра Македонского // ВДИ, 2005. - №1. - С. 105-125.

- 7 Балахванцев А.С. *Политическая история ранней Парфии*. - Москва, 2018. Дисс. на соиск. уч. степ. докт. ис. Наук. - 467 с.
- 8 Арриан. *Поход Александра* / Пер. с латинского М.Е. Сергеенко, предисловие О.О. Крюгера. - М.: МИФ, 1993. - 272 с.
- 9 Григорьев В. *Поход Александра Великого в Западный Туркестан* // Журнал народного просвещения. - СПб., 1881. - С.24-67.
- 10 Ковалев С.И. *Александр Македонский*. - Ленинград: О Г И 3, 1937. - 115 с.
- 11 Гафуров Б.Г., Цибукидис Д.И. *Александр Македонский и Восток*. - Москва: Наука, 1980. - 456 с.

List of references:

- 1 Shifman I. I. *Alexander The Great*. Leningrad: Nauka publ., 1988. - 207 P.
- 2 Quintus Curtius Ruff. *History Of Alexander The Great. With the attachment of Diodorus, Justina, Plutarch about Alexander* / OTV. editor A. A. Vigin. Moscow: izd-Vo MGU, 1993 -- 464 P.
- 3 Pyankov I. V. *on the question of the route of Kira II to massagetov* // VDI, 1964. - No. 3. - p.115-130.
- 4 Arriane. *Alexander's Walk* / Per. with the Latin M. E. Sergeenko, predislov O. O. Kruger. Moscow: myth, 1993. - 272 P.
- 5 Weinberg V. I. Stavisky B. YA. *history and culture in Middle Asia*. Moscow, 1992. - 220 P.
- 6 Gaibov V. A. Koshelenko G. A. *Koshevnik Middle Asia in the epoch of Alexander The Great* // VDI, 2005. - No. 1. pp. 105-125.
- 7 Balakhvantsev A. S. *political history of Ranney Parthia*. - Moscow, 2018. Diss. "no," he said. UCH. step. doct. cat. Nook. - 467 P.
- 8 Arriane. *Alexander's Walk* / Per. with the Latin M. E. Sergeenko, predislov O. O. Kruger. Moscow: myth, 1993. - 272 P.
- 9 Grigoriev V. *Alexander The Great's journey to West Turkestan* // Journal of people's prosperity. "No," I said., 1881. - pp. 24-67.
- 10 Kovalev S. I. *Alexander The Great*. - Leningrad: O G and 3, 1937. - 115 P.
- 11 Gafurov B. G., Tsibukidis D. I. *Alexander The Great and Vostok*. Moscow: Nauka publ., 1980. - 456 P.